

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ
ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 6-кіреберіс
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 8
Дом Министерств, 6-подъезд
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

№ _____

**Қазақстан
Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына
«Ақ жол» фракциясының
депутаттарына**

*2021 жылғы 31 наурыздағы
№ ДЗ-124 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарымен және көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты **695,1 мың** мүгедектігі бар адамның, оның ішінде еңбекке қабілетті жастағы 419,9 мың адамның (*60,4%*), зейнеткерлік жастағы 180,6 мың адамның (*26%*), 18 жасқа дейінгі 94,6 мың баланың (*13,6%*) құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Барлық кемшіліктер мен бұзушылықтарды жойғанға дейін Әлеуметтік қызметтер порталының қызметін тоқтата тұруға қатысты

Тыныс-тіршілігі және қоғамға кірігуі үшін тең мүмкіндіктер жасау мақсатында мүгедектер оңалтудың техникалық құралдарымен және көрсетілетін қызметтерімен (*бұдан әрі – ОТҚ*) қамтамасыз етіледі.

2020 жылы ОТҚ-ның жекелеген түрлерінің бизнес-процестерін пилоттау жүргізілді және 2021 жылдан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы (*бұдан әрі – Портал*) пайдалануға енгізілді.

Портал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды іске асыру үшін әзірленді.

Жалпы алғанда, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауға кешенді тәсілдің нәтижесінде, оның ішінде Порталды енгізу арқылы барлық көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Осылайша, мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының (*бұдан әрі – ОЖБ*) іс-шараларын орындау 2019 жылғы 15%-дан 2021 жылы 31%-ға дейін екі есеге ұлғайды.

Егер 2020 жылы бүкіл ел бойынша барлығы 28,3 мың тауар берілген болса (23,6 мыңы курьер арқылы жеткізумен, 4,7 мыңы өз бетімен әкетумен), осы жылдың басынан бастап Порталға 205 мыңнан астам іс-шара жіберілді, оның ішінде 111 мыңнан астам ОЖБ іс-шарасы іске асырылуда.

Жеке көмекшінің қызметін алушылардың саны 30 мың адамға дейін артты. Егер бұрын ҮЕҰ қызметті негізінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы көрсеткен болса, бүгінде Портал мүгедектігі бар адамдарға қызметті делдалсыз тікелей көрсетуге мүмкіндік береді.

2020 жылдан бастап пилоттық режимдегі жұмысты ескере отырып, ОТҚ жеткізушілерінің саны 4 есеге артты (ағымдағы жылы 20-дан 88 өнім берушіге дейін).

Ағымдағы жылдың басынан бері тіркелген санаторийлер саны 2,5 есеге (20-дан 50-ге дейін) өсті. Алғаш рет санаторий мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылсыз көрсетілетін қызметті алушыларға тікелей қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болды. Нәтижесінде 1 459 адам ем алды, 6 634 адам қоныстануды күтуде, 538 адам қоныстандырылып, ем алуда.

Бұдан басқа, Порталда арнаулы әлеуметтік қызметтер бойынша 846 жеке көмекші бойынша 94 ҮЕҰ, ымдау тілі мамандары бойынша 64 ҮЕҰ тіркелген. Мамандар тізілімінде 30 мың жеке көмекшілер мен ымдау тілі мамандары бар.

Осылайша, алғаш рет жоғарыда көрсетілген қызметтер, өнім берушілер мен қызмет алушылар бойынша толық статистика алынды.

Порталды енгізудің арқасында ОТҚ алу мерзімі тапсырысты ресімдеген сәттен бастап курьердің жеткізуіне немесе өнім берушінің қоймасында беруге дейін 8 айдан 15 күнге дейін қысқартылды.

Сонымен қатар, Портал арқылы карантин және пандемия кезінде халықтың осал топтарын қажетті құралдармен және оңалту қызметтерімен байланыссыз тәсілмен қамтамасыз ету мүмкін болды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректері бойынша бүгінде барлық ауылдар мобильді интернетпен қамтамасыз етілген, 4 627 елді мекеннің 2 420-сы сымды интернетпен қамтамасыз етілген.

2018 жылы «Е-Халық» жүйесін енгізу шеңберінде ауылдық округтердің барлық әкімдіктері байланыс арналарымен қамтамасыз етілді, онда көрсетілетін қызметті алушылар оңалтудың қажетті құралдары мен қызметтеріне тапсырыс бере алады. Сондай-ақ, барлық Орталықтарда және халықты жұмыспен қамту бөлімдерінде, ХҚКО-ларда (әрбір аудан орталығында) өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ашылды. Апта сайын мамандар мен консультанттарды оқыту жүргізіледі, жазбаша және бейне нұсқаулықтар әзірленіп, орналастырылды. Бұл халыққа, әсіресе мүгедектігі бар адамдар үшін көрсетілетін қызметтердің қадамдық қолжетімділігі қағидатына сәйкес келеді.

2020 жылдың соңына қарай ОЖБ әлеуметтік бөлігі бар мүгедектігі бар адамдар арасында ЭЦҚ-мен қамтамасыз ету үлесі 30%-дан 90%-ға дейін өсті.

Сонымен бір мезгілде күн сайын көптеген өтініштер түсетін 1411 call-орталығы консультация береді (2020 жылы – 2 727 қоңырау, 2021 жылғы қаңтар-ақпан айларында – 4 689 қоңырау түскен). Көрсетілетін қызметті

алушыларға барлық жерде, оның ішінде Whatsapp және Telegram мессенджерінде түсініктеме береді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ОТҚ-мен баламалы қамтамасыз етуді енгізу көзделеді.

Бұл шара шалғайдағы ауылдық елді мекендерде өнім берушілер және интернетке қолжетімділік болмаған, сондай-ақ жеке іріктеуді және күйге келтіруді талап ететін жағдайларда ғана мүгедектердің құқықтарын қорғау мақсатында енгізіледі.

Сонымен бірге, Заң жобасында ОТҚ жіктеуішін, өтеу ретінде ұсынылатын кепілдендірілген соманы айқындау әдістемесін, сондай-ақ Порталды пайдалану қағидаларын әзірлеу көзделген.

ОТҚ және оңалту қызметтеріне бірыңғай талаптарды белгілейтін портал жұмысын реттейтін тиісті НҚА әзірлеуге қатысты

Портал жұмысы «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және тиісті заңға тәуелді актілермен (ҚР Үкіметінің 1 қаулысы және министрліктің 4 бұйрығы) реттеледі.

Сонымен қатар, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жалғасуда.

Сонымен бірге, ағымдағы жылғы 16 наурызда «Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі қаулысына өзгерістер енгізілді, олар протездік-ортопедиялық бұйымдарды, есту аппараттары мен сөйлеу процессорларын Портал арқылы сатып алуға мүмкіндік берді.

Порталды енгізу шеңберінде ОТҚ-ның әрбір түріне мемлекет кепілдік берген бірыңғай баға көзделген, бұл өңірлер бөлінісінде бағаларды саралауды болдырмауға мүмкіндік берді. Бұл ретте, әртүрлі модификациядағы бір өнімді бірнеше өнім беруші әртүрлі бағамен ұсына алады, бұл нарықтық баға саясатына сәйкес келеді.

Портал алғаш рет мүгедектігі бар адамдарға мемлекет кепілдік берген сомадан тыс жоғары сапалы неғұрлым қымбат тауар үшін қосымша ақы төлеу мүмкіндігін көздеуге мүмкіндік берді, бұл ОТҚ-ны мемлекеттік сатып алу арқылы көтерме сатып алу кезінде мүмкін болмады.

Порталды енгізу мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың лайықты құралдары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ артық көретін өнім берушілерді өз бетінше таңдау мүмкіндігін бере отырып, осы проблемаларды шешуге мүмкіндік берді.

Бүгінде өңірлерде әлеуетті өнім берушілердің заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру функцияларын өнім берушілер Порталда тіркеуге рұқсат етілетін мақұлдаудан кейін Комиссиялар жүзеге асырады.

Порталда ОТҚ сату кезінде әрбір өнім беруші тауардың техникалық және пайдалану сипаттамаларын көрсетуге, медициналық бұйымға тіркеу куәлігін және сәйкестік сертификатын немесе міндетті сертификаттауға жататын тауарлар үшін сәйкестік туралы декларацияны ұсынуға міндетті екенін атап өткен жөн. Бұл ақпарат Порталда көрсетіледі және мүгедектігі бар адамдарға ОТҚ-ның барлық сипаттамаларын оны сатып алғанға дейін зерделеуге мүмкіндік береді.

Сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін Порталда сатып алынған тауарларды бес балдық шкала бойынша бағалау және түсініктеме беру функциясы қарастырылған. Сондай-ақ, тауарды курьерлерге беру кезінде және өзін-өзі алып кету кезінде мүгедекке сәйкес келмесе, қайтару мүмкіндігі жүзеге асырылады.

Пайдалануда болған арнайы плеерлер мен ноутбуктерді сатуға қатысты

Министрлік аталған фактілер бойынша бұзушылықтарды анықтау бойынша жедел жұмыс жүргізді.

Өнім беруші «ШҚ Есту қабілетін оңалту орталығы» ЖШС «SARA CE» оқу машинасын сатудан алып тастады. «Көмектес-ПВ» КҚ және «СҚО мүгедектер одағы» ЖШС өнім берушілері қоса берген «Optelec Clear Reader» оқу машинасының сәйкестігі туралы декларацияда қолданылу мерзімі 2021 жылғы 11 шілдеге дейін деп көрсетілген. Сонымен бірге, көрсетілетін қызметті алушы тауардың сәйкестігі туралы декларацияның түпнұсқалығына күмән болған жағдайда стандарттау және сертификаттау саласындағы уәкілетті органға, яғни Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне жүгіне алады.

Сонымен бір мезгілде хатта көрсетілген барлық фактілер бойынша барлық өңірлерде өнім берушілерді Порталға заңды түрде жіберу тұрғысынан тексеруді ұйымдастыру үшін комиссияға хабарлама жіберілді. Баяндалған фактілер расталған жағдайда комиссияларға оларды Порталдан алып тастау бойынша шұғыл шаралар қабылдау ұсынылды. Мұндай шаралар басқа жосықсыз өнім берушілерге де қолданылатын болады.

Бұдан басқа, Министрлік 2021 жылғы 24 ақпанда өнім берушілер мен комиссияларға тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың барлық нормаларын сақтау және бұрмалау мен алдауға жол бермеу қажеттігі туралы ескерту-хат жолдады.

Бюджет қаражатының жұмсалуды бақылауға, жеткізілетін ОТҚ-ны тексеруге қатысты

Мемлекеттік сатып алу арқылы мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен және көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз етудің бұрын болған практикасы тауарлар сапасының төмендігіне, олардың мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеуіне, сондай-ақ өнім берушілер тарапынан сөз байласу және алаяқтық фактілеріне шағымдардың үздіксіз легіне алып келді.

Көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың сапасы мен көлемін бағалауға мүмкіндік беретін тиімді тетіктердің болмауына байланысты қалыптасқан жүйе бюджет қаражатын ұрлауға ықпал етті және ашық болмады. Мемлекеттік сатып алу мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері арасында (*мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарына сәйкес*) бір көзден жүзеге асырылды, бұл бәсекелестікті шектеп, жеке өнім берушілерді қатысу мүмкіндігінен айырды.

Порталды енгізу мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың лайықты құралдары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ қалаған өнім берушілерді өз бетінше таңдау мүмкіндігін бере отырып, осы проблемаларды шешуге мүмкіндік берді.

Портал арқылы жеткізілетін ОТҚ сапасын бақылау мақсатында жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының жанынан әрбір өңірде өнім берушілерді тіркеу жөніндегі комиссиялар (*бұдан әрі – комиссиялар*) құрылды. Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерінен басқа, комиссия құрамына «Адалдық алаңы» жобалық офисінің ұсынымдарына сәйкес жұртшылық өкілдері қосылды.

Комиссиялардың функцияларына әлеуетті өнім берушілердің барлық талаптарға сәйкестігін тексеру, тауардың қажетті санының болуын тексеру үшін өнім берушінің қоймасына шығу кіреді. Өнім берушілерді тіркеу және олар ұсынатын тауарларды/көрсетілетін қызметтерді Порталда жариялау тиісті өңірдің комиссиясы мақұлдағаннан кейін ғана жүргізіледі.

Порталда ОТҚ сату кезінде әрбір өнім беруші тауардың техникалық және пайдалану сипаттамаларын көрсетуге, медициналық бұйымға тіркеу куәлігін және сәйкестік сертификатын немесе міндетті сертификаттауға жататын тауарлар үшін сәйкестік туралы декларацияны ұсынуға міндетті екенін атап өткен жөн. Бұл ақпарат Порталда тапсырысты жүзеге асыру кезінде көрсетілетін қызметті алушы үшін көрінеді және мүгедектігі бар адамдарға ОТҚ-ның барлық сипаттамаларын оны сатып алғанға дейін зерделеуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Порталда сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін көрсетілетін қызметті алушылардың сатып алған тауарды бес балдық шкала бойынша бағалауы және пікір беруі функциясы көзделген. Ағымдағы жылдың басынан бастап курьер тауарды берген кезде және өзі алып кеткен кезде, егер ол көрсетілетін қызметті алушыға сәйкес келмесе, қайтару мүмкіндігі іске асырылды.

Заң жобасы шеңберінде Оңалту тауарлары мен қызметтерінің сапасына мониторинг және бағалау жүргізу әдістемесін әзірлеу көзделеді.

Соңғы 3 жылда өңірлер мемлекеттік сатып алу арқылы сатып алған техникалық оңалту құралдарының (бұдан әрі – ОТҚ) құнын талдау әртүрлі өңірлерде бір тауарға бағалар бойынша үлкен шашыраңқылық бар екенін анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, ванналарға арналған тұтқалардың құны ел бойынша 7 637-ден 78 151 теңгеге дейін (10 еседен астам), Брайль әліпбиі – 4-тен 11 мың теңгеге дейін (3 есеге жуық), теріні тазартқыштар – 1,2-ден 2,4 мың теңгеге дейін (2 есе) өзгеріп отырды.

Порталдың енгізілуіне байланысты ОТҚ-ның әрбір түріне мемлекет кепілдік берген бірыңғай баға көзделген, бұл өңірлер бөлінісінде бағалардың

саралануын болдырмауға мүмкіндік берді. Бұл ретте, әртүрлі модификациядағы бір өнімді бірнеше өнім беруші әртүрлі бағамен ұсына алады, бұл нарықтық баға саясатына сәйкес келеді.

Сонымен бірге, Портал арқылы жеке көмекшілердің қызметтері үшін сағатына 358,26 теңге мөлшеріндегі баға біріздендірілді. Бұған дейін жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттерде қаражаттың болуына байланысты әртүрлі тарифтер бойынша төлем жасаған. Егер кейбір өңірлерде құны сағатына 250 теңге болса, басқаларында 350 теңгеден асқан. Бұл жеке көмекшілердің де, олардың қызметтерін пайдаланатын мүгедектігі бар адамдардың да шағымдарын негізді түрде тудырды.

Порталды енгізу сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға мемлекет кепілдік берген сомадан тыс жоғары сапалы неғұрлым қымбат тауар үшін қосымша ақы төлеу мүмкіндігін алғаш рет көздеуге мүмкіндік берді, бұл ОТҚ-ны мемлекеттік сатып алу арқылы көтерме сатып алу кезінде мүмкін болмады.

Сонымен қатар, Порталды іске қосу нәтижесінде бірқатар өнім берушілер дамып келе жатқан бәсекелестік ортаға байланысты кепілдік берілген табысын жоғалтты, осыған байланысты Портал жұмысына шағымдардың көпшілігі мүгедектігі бар адамдардан емес, осы ұйымдардан келіп түседі.

Сондай-ақ, Порталдың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету Министрлік жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты цифрландыру мәселелері жөніндегі жауапты вице-министр Е.Д. Оспанов Порталды жетілдіру мен пысықтауға бағытталған 100-ден астам міндетті іске асыру көзделген Порталды дамытудың 2021-2022 жылдарға арналған жол картасын қабылдады.

Министр

С. Шәпкенов

Ғ. Иманғали
74-33-39